

**«Астана медицина университеті» АҚ  
«Қоғамдық денсаулық сақтау» кафедрасы**

# СРС

ҚР кодексі “тұрғындардың денсаулығы және денсаулық сақтау қызметі туралы”. Қазақстан Республикасының “Саламатты Қазақстан” мемлекеттік денсаулық сақтауды реформалау және дамыту мемлекеттік бағдарламасы

**Орындаған:** Усенова А.Т

**Топ:** 332 ЖМФ

**Тексерген:** Байгулова Г.Б

Астана 2016

*I. Кіріспе.*

*II. Негізгі бөлім.*

- *“Саламатты Қазақстан” бағдарламасы*
- *Бағдарламаның мақсаты*
- *Бағдарламаның міндеттері мен мерзімдері*
- *Бағдарламаның бағыты*
- *«Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексті*
- *Кодексте қаралған мәселелер*
- *Кодекстің баптары*

*III. Қорытынды.*

*IV. Әдебиеттер.*

**елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін азаматтардың денсаулығын жақсарту болып табылады.**

**«Халықтың салауатты өмір салты мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі білімі мен хабардарлығын арттыра беру міндет.**

**Халық арасында спорттың бұқаралық сипат алуына және спортты насихаттауға ерекше ден қою керек....»**

**Қазақстан Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың  
Қазақстан халқына жолдаудан**

**2010 жылғы 29 қарашада Мемлекет басшысы  
«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың  
2011-2015 жылдарға арналған  
«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы»  
Жарлыққа қол қойды.**



**Осы Мемлекеттік бағдарлама  
«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму  
жоспары туралы»**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы  
№922 Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген.**

# Бағдарламаның міндеттері

**Азаматтардың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту;**

**Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және жетілдіру;**

**Медициналық және фармацевтикалық білімді жетілдіру, медицина ғылымын және фармацевтикалық қызметті дамыту**

2011 - 2015 жылдар



бірінші кезең:

2011 - 2013 жылдар



екінші кезең:

2014 - 2015 жылдар

**Азаматтардың денсаулық сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылдар тиімділігін арттыру;**

**Азаматтардың денсаулығын одан әрі нығайту және негізгі әлеуметтік-елеулі аурулардың деңгейін төмендету;**

**Санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жетілдіру;**

**Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыруды;**

**Басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру, медициналық, фармацевтикалық білімді жетілдіру;**

**Медицинада инновациялық технологияларды дамыту және енгізу.**

**сондай-ақ дәрілік заттардың халық үшін қолжетімділігін және сапасын арттыру да осы жоба аясында атқарылатын негізгі бағыттардың бірі.**

Орталық «Салауатты өмір салты» бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді.

Бағдарламада 17 бағыт бар, оның ішінде барлық мәселе қамтылған.

Мамыр айында медицина қызметкерлерінің және қала тұрғындарының арасында спорттық жарыстар өткізіледі.

Мәселен, былтыр футбол, волейбол жарыстары ұйымдастырылса, қыста шаңғы, коньки тебуден сайыс өткізілді. «Қазақстан-Ақтөбе» телеарнасынан салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған бейнекөріністер көрсетіліп, облыстық «Ақтөбе» газетінде мақалалар үнемі жарияланып тұрады. VII қысқы Азиада ойындарына байланысты облыста кіші қысқы Азиада спорттық жарыстары өтті. Жалпы, мұндай шаралар жалғасын таба береді.





Жалпы өлім-жітім саны 2013 жылы  
– әр 1000 адамға шаққанда 8,14 дейін;  
Ал 2015 қарай – 7,62 дейін төмендейді.

Бала өлімі 2013 жылы - тірі туылған  
әр 1000 балаға шаққанда 14,1 дейін,  
Ал 2015 жылға қарай –  
12,3 дейін төмендейді..

ВИЧ-инфекциясын 14-49 жастың  
аралығында таралуы көрсеткіші  
0,2-0,6 пайыздың шегінде ұсталады.



Туберкулезбен ауыру көрсеткіші  
2013 жылы – әр 100 мың адамға  
шаққанда 98,1 дейін;  
Ал 2015 қарай – 94,7 дейін  
төмендейді.



## Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» мемлекеттік бағдарламасы



Халық өмірінің жас ұзақтығы  
2013 жылы - 69,5 жасқа дейін,  
2015 жылға қарай - 70 жасқа дейін  
ұлғаяды деп күтілуде.



Ана өлімі 2013 жылы - тірі туылған  
әр 100 мың адамға шаққанда 28,1 дейін,  
Ал 2015 жылға қарай – 24,5  
дейін төмендейді.

**Кодексте халықтың денсаулығын сақтауды заңды тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған аса ауқымды шаралар белгіленді. Кодекс нормаларын іске асыру аясында, нормалардың қолдану пәрменін қамтамасыз ету үшін, денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының бірнеше заң актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізілді. Яғни, 135 нормативтік құқықтық акт, оның ішінде Үкіметтің 31 қаулысы, 104 салалық нормативтік құқықтық акт қабылданды.**

**Кодексті іске асыру шеңберінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілді. Ол науқастың дәрігерлер мен медициналық мекемені өз еркінше таңдау принциптеріне, бәсекелестік кеңістікті қалыптастыруға және медициналық қызмет көрсету процессін жақсартуға, медициналық көмектің ашық та айқын болуына, нақты нәтижеге негізделген.**

**Барлық медициналық ғылыми-зерттеу институтарында, Ғылыми медициналық орталықтарда және жоғары оқу орындарында әлемдік тәжірибеде бар, оқшауланған Әдеп мәселелері жөніндегі комиссиялар құрылды. Олардың құрамына денсаулық саласының қызметкерлерінен басқа қоғамдық ұйымдардың, діни кофессиялардың өкілдерін енгізу көзделген.**

**Құрамына 5 инновациялық объекті :**

- ❖ **«Ана мен баланың Ұлттық ғылыми орталығы» АҚ;**
- ❖ **«Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ;**
- ❖ **«Республикалық балаларды сауықтыру орталығы» АҚ;**
- ❖ **«Республикалық жедел жәрдем ғылыми орталығы» АҚ ;**
- ❖ **«Республикалық кардиохирургия ғылыми орталығы» АҚ енетін «Ұлттық медициналық холдинг» құрылды.**

**Бұл емханалар халыққа арнайы және жоғары білікті медициналық қызмет көрсетеді.**

- Алайда, қазіргі таңда, денсаулық сақтау жүйесінде қордаланып қалған проблемалар бар және олар аз емес. Атап айтсақ, ана мен бала өлімі ең өзекті проблема күйінде қалып отыр. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің статистикалық деректеріне сүйенсек, 2009 жылы 10 мың тірі туылған балаға шаққанда 1 жасқа дейінгі шетінеген балалар 182,2 болса, бұл көрсеткіш 2007 жылы 144,3 (2008 ж.- 207,6) құрады. 2009 жылы республика бойынша 133 ана өлімі тіркелген, ал 2008 жылы мұндай жағдай 113 болған еді.

- ◆ **89-бап. Балалардың құқықтары**
- ◆ **17-тарау. Адамның ұрпақты болу құқықтарын қорғау**
- ◆ **96-бап. Азаматтардың ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері**
- ◆ **97-бап. Әйелдердің жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңінде денсаулығын сақтау**
- ◆ **98-бап. Бедеуліктен емделу**
- ◆ **99-бап. Ұрпақты болудың қосалқы әдістері мен технологиялары, клондау**

*Халық денсаулығының қазіргі жағдайына және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне жүргізілген талдау негізінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық басым бағыттары және іске асыру тетіктері айқындалды.*

*Бағдарламаны іске асыру медициналық қызмет көрсетудің шығыны аз нысандарына өту үшін жағдай жасау, саланың профилактикалық бағыттылығын қамтамасыз ету, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасының деңгейін арттыру арқылы денсаулық сақтау жүйесін қарқынды дамытуға, арнайы әлеуметтік қызметтерді енгізуге, сондай-ақ халықтың өзін-өзі сақтау мінез-құлқының дәйектемесі, медицина персоналының кәсіптік және жеке өсуі, денсаулық сақтау жүйесін қоғамның қазіргі талаптарына және нарықтық жағдайларына бейімдеу үшін жағдай жасауға ықпал ететін болады.*

- *Аканов А, Куракбаев К. Организация здравоохранения Казахстана А, 2006*
- *Арингазина А. Укрепление здоровья: теория и планирование программ А, 2003*
- *Лисыцын Ю. Общественное здоровье и здравоохранение ГЭОТАОР 2007*
- *Интернет желілері*